«ZIATKER TURAN» ЖШС 2025-2026 оқу жылындағы

6-сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарына анықтама

2025-2026 оқу жылында 6-сыныпта тәрбие жұмысы оқушылардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты — білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды, отансүйгіштік сезімді, адамгершілік қасиеттерді, жауапкершілікті, еңбекқорлықты, өзара сыйластық пен ынтымақтастықты қалыптастыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту.

Оқу жылы барысында сынып сағаттары, қауіпсіздік сабақтары, челленджер, акциялар, бейнероликтер көру, пікір алмасу, тәрбиелік әңгімелер және түрлі жобалар ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмысы айлардың тақырыптық бағыттарына сәйкес жүргізілді:

- **Қыркүйек** — еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- **Қазан** — тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- **Қараша** — әділдік және жауапкершілік айы;
- **Желтоқсан** — бірлік және ынтымақ айы;
- **Қаңтар** — заң және тәртіп айы;
- **Ақпан** — жасампаздық және жаңашылдық айы;
- **Наурыз** — тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- **Сәуір** — еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- **Мамыр** — бірлік және ынтымақ айы.

Сонымен қатар әр аптада оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған дәйексөздер қолданылып отырды.

1. ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Қыркүйек айында оқушылардың жаңа оқу жылына бейімделуіне, сынып ұжымын қалыптастыруға, өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасты нығайтуға ерекше көңіл бөлінді.

«Отбасындағы сыйластық»

Алғашқы сынып сағатында отбасы құндылықтары, ата-ананы құрметтеу, отбасы мүшелері арасындағы сыйластық пен өзара көмек туралы әңгіме жүргізілді. Оқушылар отбасының адам өміріндегі маңызы туралы өз ойларын ортаға салды.

Қауіпсіздік сабағында Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері таныстырылып, жол қозғалысы ережелері қайталанды.

«ДОСБОЛЛІКЕ — Буллингтен қорғаң!»

Оқушыларға буллинг ұғымы түсіндіріліп, оның түрлері мен алдын алу жолдары қарастырылды. Оқушылар арасындағы достық, бір-біріне қолдау көрсету, сыныпта жағымды психологиялық орта қалыптастыру мәселелері талқыланды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы — «Еңбек түбі береке»

Сынып сағатында еңбектің адам өміріндегі маңызы, еңбекқорлықтың жетістікке жетудегі рөлі түсіндірілді. Оқушылар адал еңбек, жауапкершілік және мамандық таңдаудың маңыздылығы туралы пікір алмасты.

«Қарияларға құрмет ұрпақ парызы»

Халықаралық қарттар күніне орай үлкендерді құрметтеу, олардың өмірлік тәжірибесін бағалау, ізеттілік пен қамқорлық көрсету туралы тәрбиелік әңгіме өткізілді.

Қыркүйек айында оқушылардың сыныпқа бейімделуі, өзара қарым-қатынасы және қауіпсіздік мәдениеті бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

2. ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Қазан айындағы тәрбие жұмыстары оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, тарихи және ұлттық құндылықтарды бағалауға бағытталды.

«Ұстазға құрмет ұрпаққа өнеге»

Мұғалімдер күніне орай ұстаз еңбегінің маңыздылығы туралы әңгіме жүргізіліп, оқушылар ұстазға деген құрметтерін білдірді. Білім берудегі мұғалімнің еңбегі мен оқушы өміріндегі ұстаздың орны туралы ой бөлісті.

Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтермен танысып, оның қара сөздері мен өлеңдерінің тәрбиелік мәнін талқылады.

«Қазақстан - ортақ үйіміз»

25 қазан - Республика күніне орай Қазақстан Республикасының тарихы, мемлекеттік рәміздері, тәуелсіздіктің маңызы туралы түсінік берілді. Оқушылар ел бірлігі мен Отанды сүюдің маңыздылығы туралы пікірлерін білдірді.

3. ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

Қараша айында оқушылардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруға басымдық берілді.

«Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс»

Оқушыларға адал еңбектің, жауапкершіліктің және адал жолмен жетістікке жетудің маңызы түсіндірілді. Күнделікті өмірдегі адалдық пен жауапкершілікке қатысты мысалдар қарастырылды.

«Ұлттық валюта - теңге»

15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай теңгенің тарихы, оның Қазақстанның экономикалық өміріндегі орны туралы ақпарат берілді. Оқушылар ұлттық валютаны құрметтеу, қаржыны ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін кеңейтті.

«Сенімділік сәттіліктің кепілі»

«ДОСБОЛЛКЕ» жобасы аясында оқушылардың өзіне деген сенімін арттыру, сыныптастарымен дұрыс қарым-қатынас жасау, қиын жағдайда көмек сұрай білу мәселелері қарастырылды.

«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»

Табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану, суды, электр энергиясын және тағамды ысырап етпеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

4. ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Желтоқсан айында оқушылар арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуға, туған елге деген сүйіспеншілікті арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»

«Қамқор» жобасы аясында мектептегі және сыныптағы тазалықты сақтау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау бағытында жұмыстар жүргізілді.

Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл

Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының өмірі мен ерлік жолы туралы сынып сағаты өткізілді. Оқушылар батырдың Отанға деген сүйіспеншілігі, ерлігі, тәртібі мен адамгершілік қасиеттері туралы білді.

«Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым»

16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған тәрбие сағатында тәуелсіздіктің тарихи маңызы, Қазақстанның жетістіктері, Отанды құрметтеу туралы әңгіме жүргізілді.

«Жаңа жылдық тарту»

Жаңа жыл қарсаңында сынып оқушылары арасында жағымды көңіл күй қалыптастыру, достық пен өзара сыйластықты арттыру мақсатында тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды.

5. ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ

Қаңтар айындағы жұмыстар оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, өз құқықтары мен міндеттерін білуге, тәртіп сақтауға бағытталды.

«Біз - сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»

Адалдық сағаты өткізіліп, оқушыларға адалдық, әділдік, жауапкершілік ұғымдары түсіндірілді. Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға кері әсері туралы жас ерекшелігіне сай түсінік берілді.

«ДОСБОЛЛКЕ — Қорқынышы сезімі дос па әлде жау ма?»

Оқушылардың эмоцияларын түсіну, қорқыныш сезімін дұрыс қабылдау және қиын жағдайларда көмекке жүгіну дағдылары қарастырылды. Буллинг жағдайында өзін қорғаудың қауіпсіз жолдары түсіндірілді.

«Өз құқығыңды білесің бе?»

Оқушылардың құқықтары мен міндеттері, мектеп ережелерін сақтау, жауапкершілік туралы ақпарат берілді. Құқық пен міндеттің өзара байланысы талқыланды.

6. АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ

Ақпан айында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға, цифрлық сауаттылығын арттыруға және заманауи технологияларды қауіпсіз пайдалануға көңіл бөлінді.

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»

Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне орай интернетті қауіпсіз пайдалану, жеке ақпаратты қорғау, күмәнді сілтемелерге өтпеу және бейтаныс адамдармен интернет арқылы қарым-қатынаста сақ болу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл

Қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар ақынның әдеби мұрасымен танысып, шығармаларының тәрбиелік мәнін талқылады.

«Лудомания»

Оқушыларға ойынға тәуелділіктің зияны, бос уақытты тиімді ұйымдастыру, пайдалы әдеттер қалыптастыру туралы түсінік берілді. Қауіпті әдеттердің алдын алу мәселелері талқыланды.

«Мектеп мүлкіне жанашырлық мәдениеттіліктің белгісі»

Оқушыларға мектеп мүлкін ұқыпты пайдалану, мектеп ережесін сақтау, өз әрекетінің нәтижесіне жауапкершілікпен қарау қажеттілігі түсіндірілді.

7. НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

Наурыз айындағы тәрбие жұмыстары ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, қазақ халқының салт-дәстүрлерін құрметтеуге және отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға бағытталды.

«Алғыс - ізгі ниет»

1 наурыз - Алғыс айту күніне орай оқушылардың бір-біріне ризашылық білдіруі, жақсылықты бағалау, ізгі қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптастырылды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының «Ананың аялы алақаны» челленджіне қатысу арқылы анаға деген құрмет пен отбасылық құндылықтарды дәріптеу жұмыстары жүргізілді.

«Наурыз — жыл басы»

Наурыз мерекесінің тарихы мен мағынасы, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық тағамдар, ойындар және қазақ халқының мәдени мұрасы туралы түсінік берілді. Оқушылар ұлттық құндылықтарды құрметтеудің маңыздылығы туралы ойларын ортаға салды.

8. СӘУІР – ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

Сәуір айында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, ғылым мен білімге қызығушылығын дамыту бағытында жұмыстар жүргізілді.

«Кітап - сарқылмас бұлақ»

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітаптың адам өміріндегі маңызы туралы сынып сағаты өткізілді. Оқушылар кітап оқудың пайдасы, көркем әдебиеттің адамның ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытудағы рөлі туралы пікір алмасты.

«Өмірге салауатты қадам»

7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күніне орай салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасы, дене белсенділігі және денсаулықты сақтау туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Байқоңырдан басталған сапар»

12 сәуір - Ғарышкерлер күніне арналған сынып сағатында Байқоңыр ғарыш айлағы, ғарышты игеру тарихы, Қазақстанның ғарыш саласындағы орны туралы ақпарат берілді.

«Бүгінгі еңбек ертеңгі жетістік»

Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі маңызы, мақсатқа жету үшін табандылық пен жауапкершіліктің қажеттілігі түсіндірілді.

«Қазақстан - көп ұлтты ел»

Қазақстандағы түрлі этностардың татулығы мен өзара сыйластығы туралы әңгіме жүргізілді. Оқушылар достық, бірлік, толеранттылық ұғымдарының мағынасын түсінді.

9. МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

Мамыр айында тәрбие жұмыстары Отан қорғау, отбасы құндылықтары, бейбітшілік, бірлік пен достық тақырыптарына арналды.

«Ұранды ердің ұрпағы қайсар»

7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай Отан қорғаушылардың еңбегі, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы туралы тәрбие сағаты өткізілді.

«Отбасы - бақыт мекені»

Халықаралық отбасы күніне байланысты отбасының адам өміріндегі маңызы, ата-анаға құрмет, отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, өзара түсіністік пен сүйіспеншілік туралы әңгіме жүргізілді.

«ДОСБОЛЛІКЕ — Буллингтен қорғаң!»

Оқу жылының қорытынды кезеңінде сыныптағы достық қарым-қатынасты нығайту, бір-біріне құрметпен қарау, буллингтің алдын алу және қиын жағдайда қолдау көрсету мәселелері тағы да пысықталды.

«Білімім - Отаныма!»

Оқушыларға сапалы білім алудың жеке тұлға үшін ғана емес, елдің болашағы үшін де маңызды екендігі түсіндірілді. Оқушылар өз білімдері мен қабілеттерін болашақта ел игілігіне жұмсау туралы ой бөлісті.

ҚАУІПСІЗДІК САБАҚТАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ

2025-2026 оқу жылында әр сынып сағатымен бірге 10 минуттық қауіпсіздік сабақтары жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Қауіпсіздік сабақтарында төмендегі тақырыптар қамтылды:

- **1.** Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері;
- **2.** Жол қозғалысы ережелері;
- **3.** Көшедегі қауіпті нысандардан аулақ болу;
- **4.** Интернетте жеке деректерді қорғау;
- **5.** Кибербуллингтен қорғану;
- **6.** Компьютерлік вирустар кезіндегі қауіпсіздік;
- **7.** Ата-анамен өз мәселелері мен тәжірибелері туралы бөлісу;
- **8.** Судағы және бассейндегі қауіпсіздік;
- **9.** Мұз үстіндегі қауіптер;
- **10.** Жасанды интеллектіні қауіпсіз пайдалану;
- **11.** Көмекке шақырудың халықаралық белгілері;
- **12.** Алғашқы медициналық көмек көрсету;
- **13.** Жол-көлік оқиғалары кезіндегі қауіпсіздік;
- **14.** Жүргіншілерге арналған жол қозғалысы ережелері;
- **15.** Көлік құралдарының қозғалысы және аялдау жолы.

Қауіпсіздік сабақтарының негізгі мақсаты — оқушылардың күнделікті өмірде кездесетін қауіп-қатерлерді алдын ала байқап, дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.

«ДОСБОЛЛІКЕ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС

Оқу жылы бойы «ДОСБОЛЛІКЕ» жобасы аясында оқушылар арасында достық қарым-қатынас қалыптастыру, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, өзара сыйластық пен қолдау көрсету мәселелеріне көңіл бөлінді.

Оқушыларға түсіндірілді:

- буллингтің түрлері;
- буллингтің алдын алу;
- қиын жағдайда ересектерден көмек сұрау;
- сыныптастарына қолдау көрсету;
- кибербуллингтен қорғану;
- интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, бір-біріне құрметпен қарауына және сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды сақтауға жағдай жасалды.

«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» ЖОБАСЫ

Жоба аясында оқушыларға адал еңбек ету, еңбек нәтижесін бағалау, әр мамандықтың қоғамдағы маңызын түсіну бағытында тәрбие жұмыстары жүргізілді.

«Еңбек түбі - береке», «Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс», «Бүгінгі еңбек - ертеңгі жетістік» тақырыптары арқылы еңбеккорлық, табандылық, жауапкершілік және мақсатқа ұмтылу қасиеттері насихатталды.

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Оқу жылы барысында ата-аналармен байланыс тұрақты түрде жүргізілді. Негізгі бағыттар:

- оқушының сабаққа қатысуын бақылау;
- оқушының оқу үлгерімі мен тәртібі туралы ақпарат алмасу;
- бала қауіпсіздігі мәселелері;
- интернет пен әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану;
- отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті;
- баланың эмоционалдық жағдайына көңіл бөлу;
- ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру.

«Ананың аялы алақаны» челленджі сияқты іс-шараларға ата-аналарды тарту арқылы отбасы құндылықтарын дәріптеуге көңіл бөлінді.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША ЖҰМЫС

Оқу жылы бойы жол қозғалысы ережелерін қайталау және оқушылардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында арнайы сабақтар өткізілді. ЖЖЕ тақырыптары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді:

- жол қозғалысы ережелері;
- көлік құралдарының қозғалысы;
- көлік құралдарының аялдау жолы;
- жол-көлік оқиғасы кезінде өзін ұстау;
- жол қозғалысының қауіпсіздігі;
- қозғалыстың жас инспекторлары;
- жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;
- жүргіншілерге арналған жол қозғалысы ережелері;
- жолдағы «қақпандар».

ОҚУШЫЛАРМЕН ЖЕКЕ ЖҰМЫС

Оқу жылы барысында оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке әңгімелесу және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Жеке жұмыстардың негізгі бағыттары:

- оқу тәртібі;
- сыныптағы қарым-қатынас;
- жауапкершілік;
- өзін-өзі бағалау;
- достық қарым-қатынас;
- қауіпсіз мінез-құлық;
- интернет мәдениеті;
- буллингтің алдын алу;
- бос уақытты тиімді ұйымдастыру.

Оқушылардың сынып ұжымына бейімделуіне, өз ойын еркін айтуына және сыныптастарымен дұрыс қарым-қатынас жасауына қолдау көрсетілді.

ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2025-2026 оқу жылында 6-сыныпта тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Жыл бойы оқушылардың рухани-адамгершілік, ұлттық, құқықтық, еңбек, экологиялық, дене тәрбиесі және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді.

Оқушылар:

- отбасы құндылықтарын құрметтеуді;
- үлкендерді сыйлауды;
- достық пен ынтымақтастықты бағалауды;
- Отанды сүюді және ел тарихын құрметтеуді;
- адал еңбек пен жауапкершіліктің маңызын;
- өз құқықтары мен міндеттерін;
- интернеттегі қауіпсіздік ережелерін;
- жол қозғалысы қауіпсіздігін;
- салауатты өмір салтының маңызын;
- табиғатты қорғау қажеттілігін түсінді.

Сынып сағаттарында оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне, пікір алмасуына, шығармашылық қабілеттерін көрсетуіне мүмкіндік берілді. Бейнероликтер, пікірталастар, челлендждер, акциялар және тәрбиелік әңгімелер тиімді пайдаланылды.

Қорытынды

2025-2026 оқу жылындағы тәрбие жұмысының басты нәтижесі — оқушылардың бойында жауапкершілік, еңбеккорлық, адалдық, отансүйгіштік, сыйластық, ынтымақтастық және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың жүзеге асырылуы.

Алдағы оқу жылында оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытуға, кітап оқуға қызығушылығын арттыруға, цифрлық қауіпсіздік мәдениетін жетілдіруге, буллингтің алдын алуға, ата-аналармен байланысты нығайтуға және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға басымдық беру жоспарланады.

Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі: Ғ.Омархан

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М.А.Жадикова